

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 101 Қаулысы

«Мемлекеттік меншік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының ведомстволық бағынысты ұйымдарына бекітілген республикалық мүлік (бұдан әрі - Мүлік) «Инженерлік-техникалық орталық» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) акцияларының төлеміне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасымен (келісім бойынша) бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғам акцияларының төлеміне Мүлікті берсін;

2) қажетті ұйымдастырушылық іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 8

қ а ң т а р д а ғ ы

№

1 0 1

қ а у л ы с ы н а

қосымша

«Инженерлік-техникалық орталық» акционерлік қоғамы

акцияларының төлеміне берілетін мүлік тізбесі

Р/с №	Теңгерім ұстаушы	Мүліктің атауы мен сипаттамасы
1.	«Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	«Toyota Hi Ace» автомашинасы, 2005 жылы шығарылған, шанақ нөмірі - JTFSX23P3 306000460, козғалтқыш нөмірі - TR0100778, түсі-ақ.
2.	«Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	1) Кабіл желілері (27 350 метр) және Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының байланыс шығырының жабдығы; 2) Samsung теледидары, модель - CSNIINGMQ, диагональ 37 см; 3) Ericsson телефон станциясы,

	м о д е л ь - М D 1 1 0 B C 9 ; 4) «Министрліктер үйі» ғимаратының сыртқы байланыс желілері (5 293 метр).
--	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК